



Омаров Н. Қ.

**Ә. НҰРШАЙЫҚОВ
РОМАНЫНДАҒЫ ТАРИХИ
ШЫНДЫҚ**

В этой статье рассматривается историческая правдивость и художественная совместимость мемуарного романа А.Нуршайыкова.

The article historical faithful and art compatibility of memoir novel by A.Nurshaikov are considered in this article.

Бүгінгі әдеби процестегі маңызды мәселенің бірі тарихи тұлғалар ғұмырын, тұлға ретінде қалыптастыру жолдарын әдеби шығармаларда бейнелеу болып табылады. Жеке адам концепциясы – өнер үшін өзекті тақырып, ешқашан сарқылмайтын басты проблема. Тарихи тұлғалардың жан дүниесін танытудың қазіргі әдебиетте түрлі жолдары көркемдікпен игерілуде. Соның ең пәрменді түрі – автобиографиялық шығарма. Жазушыларымыздың жан дүниесін диалектикалық қайшылықтарымен жеткізудің соны тәсілдерін табуға, бейнелеуге ұмтылуының сыры осында.

Ғұмырнамалық шығармалар қазіргі қазақ әдебиетінде өз алдына бір жүйе болып, қатар түзе бастады. Көркем әдебиет саласында ғұмырнамалық (автобиографиялық) роман жанры бұрыннан қалыптасқан, методологиясы мен теориясы бар жанрдың бірі болып табылады. Қазақ әдебиетінде де бұл жанр ерте дамыды. Мәселен, М.Х. Дулатидің «Тарихи-Рашиди» т.б. шығармаларды алуға болады. Еліміз егемендік алғаннан кейінгі кезеңде сөз еркіндігі, ой бостандығы күшейгеннен кейін жазушылар өмірлік дерек негізінде ғұмырнамалық жанрда шығармалар жаза бастады. Олардың көтерген тақырыптары, пайдаланған формасы, айтар идеялары, ұстанар концепциялары әр түрлі болғанымен, шығармаларын жазатын жанры біреу ғана – ғұмырнама (автобиография).

Ұлттық әдебиетімізге өзіндік үнімен, суреткерлік қолтанбасымен, соны формалық ізденісімен жаңа сипаттар әкелген қаламгер Ә. Нұршайықовтың ғұмырнамалық (автобиографиялық) роман жанрына қалам тартуы әдебиеттану ғылымы үшін жаңа бір арнаның бастау көзіндей болып табылады.

Әсіресе, қазақ ғұмырнамалық романдарының ішінде көлем мен көркемдігі тұрғы-сынан ерекше деп танылатын Ә.Нұршайықовтың «Мен және менің заман-дастарым», М.Мағауиннің «Мен», Қ.Жұмаділовтың «Таңғажайып дүние» романдарының қоғамдағы тарихи кезең ақиқатын бейнелеудегі шеберлік қырлары ерекше. Оқырман қауымға суреткерлік ғұмырдың болмысын танытатын бұл туындылар әдебиет ғылымы үшін ғана емес, жалпы адамзаттық мәселелерді қозғаумен де құнды дүниелер болып табылады. Міне, сол себепті де бұл жазушылардың ғұмырнамалық шығармаларындағы өмірлік деректерді зерттеудегі әдебиетімізде көркемдік таным мәселелерінің оң шешімін табуына зор септігін тигізеді.



Ғұмырнамалық – көркем проза кейіпкердің өмірнамасын бейнелеумен ерекшеленеді. Бұрынғы кеңестік және қазіргі ұлттық әдебиеттегі эстетикалық талдау осыны дәлелдейді.

Әзілхан Нұршайықовтың өмірбаяндық романы «Өткелдер», «Асулар» деген 2 кітаптан тұрады. Автор аталған романды Ғабит Мүсіреповтің 90 жылдығына арнап жазады және осы естеліктің дүниеге келуіне қайта құру заманының шарапаты себеп болғанын да жасырмайды.

Ә.Нұршайықов өмірбаяндық романға «Өнер» баспасының директоры Сұлтан Оразалиновтың қазақ халқының ұлы жазушысы Ғабит Мүсірепов туралы естелік жазып беру жайындағы өтініш хатын оқығаннан кейін кіріскенін атап өтеді. Ғабит жайында не білетінін сарапқа салады. Өз өмірінде, өз жүрегінде ұлы жазушының қандай із қалдырғандығын саралайды. Өзіне жолдаған оның хаттарын құрастырады, бірге түскен суретіне үңіледі. Ол туралы өз дәптеріне жазған жазуларына көз жүгіртеді. Осы романды қалай бастағандығын баяндайды:

«... бірден бастай алмадым. Бір күнім босқа кетті. Өйткені естелікке ең алдымен лайықты тақырып тауып алу керек. Айтатын ойыңның бәрі сол тақырыптан тарап, содан өрбуі қажет. Ал мен үстелге отырғанда бірнеше тақырып кемеліп келіп, қаламымның ұшына ілінді. Олар: «Асқар таудың аясы», «Ұлттық мақтаныш», «Ана тілінің асқары», «Парасат нұры», «Ұлы ұстаз», «Маңғаз аға» және «Майталман шебер». Осының қайсысына жіп тағарымды білмей қиналдым. Бұлардан да оңтайлы тақырып табамын ба деп және дәмелендім. Тіпті болмаған соң, тақырыбын кейін қоярмын деп, орнын ашып тастадым да, бұл естелікті бастауға бел будым» [1.27].

Көркем шығарманың табиғатына әсер ететін негізгі факторлар саясат, қоғам, идеология, тарихи жағдайлар өзгергенде, көркем туындылардың келбеті де өзгеріске түсетіні белгілі. Әсіресе, мұндай факторлық әсердің ерекше күштілігін Кеңес өкіметі орнап, Коммунистік партия билеген кешегі социалистік қоғамдағы әдебиеттерден көреміз. Мұнда тұтас дәуірге татитын ұлы өзгерістердің қалай орнағанын, қалыптасып өркендеуін, нәтижесінің мәнін ашып көрсететін шығармалар жазылған.

Егер сол кездегі «Тар жол, тайғақ кешу», «Өмір мектебі», «Орындалған арман», «Көз көргенде» негізгі кейіпкерлер автордың өзі болса, «Аспандағы айқас», «Халқым үшін» т.б. автор өзге тұлғалар ғұмырын бейнелейді. Мұның өзі соңғы мемуар кейіпкерлерінің жалпы ерекшелігін белгілейтін де фактор. Осыдан автобиографияның мазмұнына материал беруші де, дәуір идеологиясын ғұмырнаманы өзгеріске келтіруші екені байқалмайды. Олай болса мемуар сипаттауына да азды-көпті болсын өзгертудің еніп отыруы (кейіпкерлері, объект нысанасы, адам психикасы, адам санасы т.т.) мүмкін жайлар.

Әдебиетші Наталья Банк «Нить времени» еңбегінде «Күнделікке» байланысты әдебиеттерді мынадай жүйеде:

- 1) Көркем әдебиетке қатысы жоқ, таза күнделіктер,
- 2) Күнделіктерден өсіп шыққан көркем, көркем-деректі әдебиет,
- 3) Күнделіктің әлем әдебиетіне ықпалын қарастырады [2.28].

Бұл да қызықты бір сәт. Өйткені, күнделік те ғұмырнамалық әдебиеттің ішкі жанрына жатады. Ол – таза күнделіктің мемуар жанрына кіруі. Өз күнделігі, өзгенің күнделігі.

«Словарь литературоведческих терминов» кітабында жалпы мемуар құрамында құрастырылғандықтан да болса керек, түрлі мемуар жазбалары дараланып жатпайды, сондықтан, күнделіктер кесек-кесек қалпында алынады.

К.А. Данелян зерттеулерінде мемуардың құрамдық негізгі ұғым екені дұрыс ескерілмегенімен, мемуарлық әдебиет күнделік пен мемуарға ажыратылуы деуі, мемуардың өзін естелік, биографиялық естелік, жол естелік жазбалары деп бөлінуі де – мемуар табиғатын шынайы ашпайтындай. Мемуар құрамы – мемуар және естелік болуы – өз аттарымен де бір – бірін қайталап тұруымен қатар, ғылыми да еместей. Мұнда бір ретте мемуар мен күнделікті тең, екеуі бір нәрсенің екі саласы, мүмкін тең де емес, бірақ олар екі түрден көрсетілген. Солай бола тұра, лайықсыз сол күнделік те, мемуар да «мемуар» деген ұғымға бағынады. К.А. Данелян тарапынан күнделіктің өзіндік және өзгелік күнделігі боп бөлінуі де – күнделіктің өзіндік түрі болуымен қатар, басқа біреудің, не басқа бір құбылыстың күн сайынғы өзгеріс, жаңалық жайларын белгілеп отыратын да өзгелік күнделіктің болуы мүмкін емес пе?! Өзіндік, өзгелік күнделіктердің тек жолдық болмай, өмір құбылысының алуанынан да келе берері көп.

Естелікті үш бөлімге (естелік, биографиялық естелік, жол жазба естеліктері) бөлу де нақтылы емес. Бұлай қарау жалпының қарарына соның құрамындағыны да теңгермелеу болмақшы.

Ә. Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым» ғұмырнамалық романының негізгі композициялық дінгегі автордың өзі әңгімелейтін естеліктер болса, олардың берілу формаларының өзі біркелкі емес. Автордың бірыңғай баяндаудан гөрі формалық түрлендіруге басымырақ мән бергені



көрініп тұр. Айтылып отырған әңгімені растап, бекіте түсу үшін түрлі құжаттарды, баспасөз беттеріне жариялағандарды сыналап кіргізіп отыру – мемуар жанрына тән шығармашылық дәстүр. Бірақ бұлжымастай көрінетін міндетті үрдіс емес. Мұндай құжаттарды көлденең тартпай-ақ жазылған мемуарлық шығармалар қазақ әдебиетінде де кездеседі. Автор алдыңғы айтылған шығармашылық дәстүрді пайдалануға көбірек ден қойған деуге болады.

Бұл дилогияның анықтамасына «естелік-мемуар» деген атау өзінен өзі сұранып тұр, шығарма табиғатына байланысты солай деп жіктегеніміз қолайлы деп ойлаймыз. Туындының жазылу формасындағы өзгешеліктің қандай көркемдік-идеялық мәні бар деген сұраққа келетін болсақ, осы соны форма арқылы автордың ең алдымен оқырманды өзіне тарту жағына күш салғаны байқалады. Белгілі бір тұлға жайында (айталық, бұл арада Ғабит Мүсірепов) әңгімелей отырып, жазушы көбінесе сюжеттік желілерді өз төнірегіне қарай құрады, одан қалса, қойын дәптеріне жазып алған әртүрлі әңгімелерді тізбелеп, жайып салудан да тартына қоймайды.

Ә.Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым» ғұмырнамалық романындағы шығармашылық маңызды факторлардың бірі – автордың жазушылық лабораториясының ашылуы. Ұсынылып отырған кітаптың қалай өмірге келгенін әңгімелеп берумен шектеліп қалмай, айтып келе жатқан әңгімесін шығарманың кез келген тұсынан автор өзінің жазушылық лабораториясына қарай икемдеп бұрып алуға бейім. Мұндай үрдіс екі кітаптың да өнбойынан анық бой көрсетіп, атойлап отырады. Әсіресе өзінің күнделік сипатындағы жазбаларына оралып соға береді.

«Мен және менің замандастарым» өмірбаяндық романының авторы Ә.Нұршайықов өзінің шығармашылық өмірінің жарқын жақтарынан гөрі көленкелі тұстарын, ағалары мен әріптестерінен көрген қорлықтары мен қиянаттарын басымырақ суреттеп кеткен. Және осы бағытта айтылатын әңгімелердің оқылуы қызық, автор тарапынан жасалатын тұжырымдар да субъективизм нышандары байқалғанымен, оқырманға ой салып, пікір түйетіндей деңгейде.

Өткен оқиғаларды дәлдікпен тірілте білуде мұндай жазбалардың атқаратын міндеті ерекше болатындығы көрінеді. Қазақ жазушыларының ішінен қойын кітапшаларының жәрдемі жайлы көбірек айтатындар – Ә. Нұршайықов пен М. Мағауин. Көп жылдар журналист болып қызмет атқарған Ә. Нұршайықовтың мұндай кітапшаларының саны үш жүзден асып жығылады екен. Тәуелсіздік жылдарында жазылған ғұмырнамалық романдардың пішіндік, стильдік бағыттарында жаңа ізденістер байқалатынын, тілдік қолданыстары түрленіп, қаламгерлердің суреттеу бейнелілігін арттыруға деген ұмтылысын атап өткен жөн.

Расында да, біз шығармаларын талдамаққа ниет етіп отырған Ә. Нұршайықов Кеңестік кезеңде тіршілік кешкен, әдебиетке кеңестік кезеңде келген, бірсыпыра шығармаларын сол уақытта жазып, оқырманға кеңінен танылған қаламгер. Егер, Желтоқсан оқиғасы болмаса, СССР аталатын алып империя ыдырап, әрбір ұлт тәуелсіздігін алып, дербес жеке мемлекет болып бөлініп шықпаса, аталған жазушылар мемуарға ден қойып, аталған шығармаларын жазар ма еді, жоқ па? Мүмкін олар көркем прозалық ізденісін одан әрі тереңдетіп алуан-алуан табиғатты шығармалар жазған болар еді. Мемуар жазбауы мүмкін еді. Жаза қалғанда жасы бұдан да ұлғайып егде тартқанда жазар ма еді? Қалай болғанда да қазақ қоғамындағы бодандықтың аяқталып, тәуелсіздікке қадам басуымыз – аталған жазушылардың мемуар жанрына келуіне белгілі дәрежеде ықпал етті.

Мемуарлық шығарма формасы әрқилы болып келе береді. Ол да көркем әдебиет секілді жазушыны жаңа түр іздеуге итермелейді. Өмірбаян біреу болғанымен, оны жеткізудің сан-алуан жолдары бар. Мемуарға бастайтын ізденіс – жазушы өмірі мен оның қоғамдық құбылыстар, өзгерістермен бетпе-бет келуі. Алайда, жазушы бетпе-бет келіп отырған тақырыпты өмірлік материалға қарай екшейді, саралайды, содан келіп белгілі бір қалып (форма) пайда болады.

Қазіргі жанрлық тұрғыдан жан-жақты өрістеген қазақ прозасының басым саласын ғұмырнамалық, эссе, эпистолярлық формада жазылған шығармалар құрайды. Зерттеу еңбегіміздің негізгі объектісі болған Ә. Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым» атты шығармасының көркемдік құрылымы, табиғи танымы, пәлсапалық баяны зерттеу үшін, ең әуелі көркем туындыларды тудырушы аталған авторлардың шығармашылық әлеміне байлауды талап етеді. Бұл аталған ғұмырнамалық романдардың авторлары, яғни автор-кейіпкерлер өздерінің ортаға қатысының бүкіл барысы жайлы (қоғамдық саяси, эстетикалық-моральдық жақтарынан) өз халқының асылын жинақтай келуінен-ұлттық ерекшелігімен танылған.



Өзінің қиылы тағдырын ұрпағының болашағына арнаған, сол тағдырдың сырын терен ұғындырып, келешекке жақсысынан үйреніп, жаманынан жиренсін-деген мақсатта жазылған, өнегелі өмір өрімдері Ә. Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым» ғұмырнамалық баянында өте әдемі үйлесім тапқан.

Еліміз егемендігін алып, тәуелсіз мемлекет ретінде бостандыққа қол жеткеннен кейінгі жылдары жазылған ғұмырнамаға Әзілхан Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым» романы жаңа сапасымен ерекшеленеді. Мазмұны ұлттық қазақ ұлттық мемуаристикасы туып өсті. Ғұмырнамалық шығармалардың суреттер объектісі өзгеріске келуімен байланысты,

Жалпы аталған шығарманың баяндалуы, суреттелуі, композициялық формалық, сюжеттік формалық жақтарынан қарайтын болсақ, шығарманың өзіне тән ерекшелігі бар екенін көреміз. Қазақ мемуарының бүгінгі беті мемуарлық түрлердің алуандарын көрсетумен қатар, соларды өз тұлғаларында топтай да келері бар. Ол әрі өмірбаяндық, әрі естелік мемуар – «Мен және менің замандастарым» тұр.

«Мен және менің замандастарым» – әлеуметтік, қоғамдық, тарихи-өмірбаяндық мәнді мемуарлық роман. «Мен және менің замандастарымда» суреттелетін әлеуметтік жайдың өзі – саяси, саясиының өзі – тарихи, сол саяси да әлеуметтік өмірді кешкен автордың жазғаны – ғұмыры да публицистикалы – бөлек-бөлек очерк тақылеттес келген «Мен және менің замандастарым» жалпы оқиға қоюлығы, суретті, тартысты беруінен роман болады. Онда тарихи жайда, хронологиялық, газет- хаттық формада кездеседі. Бұл – оның суреттер объектісі мен жазылу дәуірінен шығатын өзгешелік. Бұл – біздің әдебиетіміздегі бірінші мемуар, социалистік реализммен жазылған, соңғыға үлгі салған көркем шығарма.

Журналист-жазушы Ә. Нұршайықов өмірбаяндық романының көптеген тұстарында осы ойларды былайша аңғартады:

«...Мен Одақ маңына өте кеш келдім. Соғыстан кейін 18 жылдан соң жазушылар одағының бір қызметкері болып, оның табалдырығын аттадым. Оған дейін университетте оқып, оны тауыстым. «Социалистік Қазақстан» және Павлодар облыстық «Қызыл ту» газетінде журналист боп қызмет істедім. Тек 1963 жылдың басында ғана Қазақстан Жазушылар одағы шаңырағының астына келіп, одақ органы «Қазақ әдебиеті» газетіне бас редактор болдым» [3.6].

«Әдебиет – осы үлкен өнердің бір бұтағы, сөз өнері. Жазушы дегеніміз – әдебиет, әдебиетті жазушы, сөз өнерінің ұстасы. Басқа өнер иелерінен, басқа мамандық, кәсіп өкілдерінен астам емес, кем де емес, өзіндік сыр-сипат, тұр-тұлғасы бар, өзгеше бір кейіпті жан. Артықшылық демейік, ерекшелік десек, ғылымы жоқ, ел-мақрұм. Ғылымсыз, техникасыз ел болған, әдебиетсіз ел болған емес. Яғни, жазушысын сыйламаған жұртта болашақ жоқ. Қаламгер атаулының асқақ жүретінін бір себебі осында. Өзін дүниенің тетігі санайтын. Өсте олай емес. Дүниенің тетігі басқада. Жалпақ дүние емес, халықтың жан дүниесінің тетігі-жазушы десек, бұл – шындыққа жуық» [4.27].

...Шын суреткер әдебиетке өз өмірбаянын, мол тақырыбын ала келетіні белгілі. Жазушының концепциясы, стилі, қолтаңбасы дегендер осы тақырып ерекшелігінен туындайды. Алайда, сол тақырыпты игерудің өзі біркелкі болмайды. Кейде болашақ шығарманың материалын тынымсыз ізденіс үстінде, құм арасынан кебек алтын сүзгендей, тарих қойнауын ақтарып жүріп табатын болсаң, енді бірде тағдырдың асау толқыны сені өзімен бірге дөңгелетіп алып кетеді де, сол өзін қуәсі болған сан алуан оқиғалар қолыңа еріксіз қалам ұстатады. Менің шығармашылық тәжірибемде осы жағдайдың екеуі де ұшырасады» [5.595-596].

Ә. Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым» өмірбаяндық романының «Өткелдер» атты бірінші кітабының «Сәбит, Ғабит, Ғабиден... және мен» атты бөлімінде жазушылармен сырттай сыйластық, «Есею жылдары» романын талқылау мәселелері сөз болады». Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин сияқты ұлы жазушылардың қилы-қилы мінездері суреттеледі. Мұнда Ә. Нұршайықовтың әрбір болған оқиғаны қойын дәптеріне белгілеп отырғандығы және естелік жазу үстінде осы нөмірленген қойын дәптеріне сеніп отырғандығы байқалады. Әрине, бұл арада олардың бәрін тегіс келтіріп жатпайды. Естелік Ғ. Мүсірепов туралы болғандықтан, оның сөздерін тұтас келтіріп отырады.

Екінші кітабы «Асулар» деп аталып, мұнда ол естеліктерін Ғ. Мүсіреповтің өзіне байланысты күнделікке кірген оқиғалар арқылы жеке баяндайды.

Ә. Нұршайықов шығармашылығының қыр-сырын танып-таразылауда, қолтаңба мәнері мен машығын айқындауда – «Автопортрет атты әдеби портреттер, естеліктер, әскери жазбалар туындыларының орны ерекше болып табылады» [6.200].

Әдебиетші Қ. Ергөбек көзқарастарында да шындық бар: «Ол өзгелер жөнінде жазғанда да тақырыпқа өзінің қатысын аңдатып кетіп отырады. Тараулардың ілгері-кейінді орын тепкеніне қарамастан, осындағы барша жазбаларды түгелдей оқып болып, кітапты жауып қойып ойланайықшы, көз



алдыңызға батырлар жырын жаттап, жанынан өлең шығарып, пионер ақын атанған автордың майдан өмірін аралап «Махаббат, қызық мол жылдар», «Ақиқат пен аңыз» аталатын романдарды берген жазушылық кезеңіне дейін, тіпті кейде моралист қалпында тұтас болмысы көз алдыға келеді. Автор талай жыл әуреленгенімен, ақын бола алмағанын да жасырмайды, майдан жолы қарулас жолдастарының ерлік жолы арқылы баяндалады, журналистік мектеп пен жазушылық тағдырын ұтымды штрихтармен, жүрдек тілмен, оңтайын тауып, орамды айтып бере білген» [7.56].

Ә. Нұршайықов естелік жанрына ерекше мән беріп қарайды. Естелік өзінен-өзі салбырап аспаннан түспейді, ойдан және жүректен шығады деп тұжырымдайды. Ол естелік жанрын мынадай формуламен белгілейді:

«Мен + Ол + Орта = Естелік».

Сонда Мен-автор, Ол-естелік объектісі. Ал орта дегеніміз Мен + Ол ғана емес, осы екеуі қактығысып арасында жүретін толып жатқан әр алуан адам, олардың оңаша немесе өзара әрекеті ғой. Ендеше, өзгелерге соқпай, өзінді қатыстырмай, қалай естелік жазуға болады?

Ал Ғабит туралы жазу азды-көпті болса да, қазақ әдебиеті туралы айту. Соның өсу, өрлеу жолындағы кейбір процестеріне көз сала кету. Биік бәйтерек туралы сөз қозғаған кісі оның бұтақ, жапырақ, дінгегіне ғана емес, топырақ астында тарам-тарам боп жатқан тамырларына да, сол тамырлар арқылы алыптын бойына тарайтын қорекке де көңіл бөлмей ме? Оның қасында тұрған басқа бәйтеректерге де көз салмай ма? Бәйтерек арасын жайлаған солқылдаған жас шыбықтарға және назар аудармай ма? Мен Ғабен туралы айтқанда оның айналасындағы толып жүрген тобыр ішінде өзім туралы да айтармын деп ойлағанмын. Солай деп іске кіріскенмін. Жазушының жеке өмірінен мәлімет іздеген адам, ең алдымен, оның күнделіктерін қарауы керек. Күнделік жазбаған қаламгердің естеліктерін оқуы парыз. Оқырман өзі іздеген штрихтарды осы екеуінен табуға тиіс. Ендеше, Ғабен қайда қалды деп алабұртпа, бауырым. Осының бәрі Ғабен өмір сүрген ортаға байланысты оқиғалар, тікелей болмаса да ол кісіге жанама қатысы бар жайлар» [8.40].

Қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, бүтін ұлтының мақтанышына айналған, халық жазушысы-деген ең жоғары дәрежелі атақты иемденген, ұлттық әдебиетіміздің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан ардагер жазушы - Ә.Нұршайықов автобиография-ғұмырнамалық жанрда роман жазуға шығыс-батыс, әлем, қазақ әдебиеттеріндегі не бір асыл сөздің түп қайнарларынан мейлінше қана сусындап, алдындағы үлкен көркем мемуарлық дүниелерден оқып-үйреніп, өмірлік тәжірибені сұрыптап жетті. Автобиографияға келу, автор-кейіпкерді проблемалардан биіктету, образдарды таңдау т.с. жайларында суреткер Ә.Нұршайықов өзіне дейінгі қалыптасқан дәстүрді ілгерілетте түсті. Бірақ, бұл шығарма өмірдің тікелей көшірмелері емес, өзіндік ізденісі бар, ғұмырлық жолдың шығармашылыққа арналған кезеңдеріндегі қиындық пен қуанышты, әділдік пен ғаділетті, өткен мен бүгінді барынша айшықты әрі ашық, әсерлі жазумен ерекшеленеді. Диалектикадағы өмір атты өткелдің қым-қиғаш, қияпаты мен ойпатын, сүрлеу-соқпағы мен даңғылын өздері көрген, бастан өткерген жағдайлармен көмкереді. Шығармагердің жетістігі дегенде айтатын ең бірінші мәселе-қаламгер Ә. Нұршайықов адам өмірінің өткелдерін жан-жақты көрсетуге ең тиімді жанр ретінде ғұмырнамалық роман жазуды қалап алуларын айтуға болады. Жазулары өмірдің тікелей көшірмесі емес, өзіндігі, ұлттық ерекшелігі бар, өмірдегі шындықты тану, көрегендікпен оны игеру, мәдениетті, өзі жүріп өткен ғұмырлық жолдың қорытындысынан ұғыну, ұрпаққа, болашаққа үлгі-өнеге, тағылым қалдыру мақсатынан туындаса керек.

Жазушының алпыс жастан асқанда бұлайша жаңа жанрға бас қоюлары Ұлы Абайдың XIX ғасырда алпыс жасқа келер тұсында қолына қалам алып, ғақылия – қара сөздерін жазып, соңында пәлсафалық, рухани құндылығы мәңгілік болып табылатын қырық бес қара сөзді жазып қалдырудағы мақсатымен ұштасатындай. Заңғар ақын-Абай өзінің қара сөзді жазудағы басты тенденциясы туралы былай дейді: «Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық, әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық, қылып жүрген ісіміздің бәрінің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын» [9.5].

«...Ақыры ойладым: Осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара қағаз, сияны ермек қылайын, я оқысын, керегі жоқ өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» [9.7]. Мінекей, Ұлы Абайдың қилы-қилы тағдырының тағылымы тудырған, бұл күнде бүкіл ұлттық рухани қажеттілігіне азық болып отырған «Қарасөз» аталған еңбек осындай ұлы мүддеден туындаған еді. Ал, біз зерттеп отырған авторлардың ақсақал жасында жазған



ғұмырнамалық роман жазудағы басты идеялары да ұлы ақынның идеясымен үндесіп, романдар жанрлық тұрғыдан ғана емес, сондай-ақ көздеген мүдделері тұрғысынан да сай келеді.

Жазушы Ә. Нұршайықов өмірбаяндық роман жазудағы, яғни жаңа жанрға көшудегі себепті былай түсіндіреді:

«Халық өлеңдерінің бірінде: «Өлеңді айт!» дегенде бастау қиын, одан соң оны айтпай тастау қиын» дейтін жолдар бар.

«Өнер» баспаханасының директоры Сұлтан Оразалиновтың қазақ халқының ұлы жазушысы Ғабит Мүсірепов туралы естелік жазып беру жайындағы өтініш хатын оқығаннан кейін осы жолдар ойыма оралып, көп толғануыма тура келді. Ғабен жайында не білетінімізді сарапқа салдым. Ол кісіден өз өмірімде, жүрегімде қалған қандай із барын іздедім. Маған жолдаған кейбір хаттарын қарадым. Бірге түскен суретіне үнілдім. Ол туралы өз дәптеріме жазған жазуларыма көз жүгірттім. Айтатын азын-аулақ әңгімем бар екенін байқағаннан кейін, соны қағазға түсірейін деп үстелге отырдым» [8.5].

Міне, біз қарастырған «Мен және менің замандастарым» романы жазушы автордың көздеген мақсат мүддесі мен негізгі идеяларының халықшылдығы мен ұлтшылдығы Ұлы Абайдың арман, парызымен үндесіп жатады. Ғұмырнамалық романның табиғатының құрылымдары осындай. Онда нақтылы ғылым да, гуманитарлық- тарих, әдебиет, философия, психология мен педагогика да тұр. Сондықтан да ғұмырнамалық жанрды қарастырғанда, оның тек «әдеби туынды ретінде саф болуын» талғау-бір рет те шындыққа орайласпайтын да сияқты. Мәселе қай кәсіптен, қай жанрдан болуы тиіс.

Осылардың ішінде қазақ әдебиетінде еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта ерекше қарқынмен жазылғаны ғұмырнамалық романдар екені дау туғызбаса керек.

Әдебиеттер:

1. Нұршайықов Ә. Өткелдер // Жұлдыз, 1997, №2. – Б.27-63.
2. Банк Н. Нить времени. – Ленинград: Советский писатель, 1978. – 248 с.
3. Жұмаділов Қ. Таңғажайып дүние // Жұлдыз, 1998, №1. – Б. 68-115.
4. Мағауин М. Мен // Жұлдыз, 1997, № 6. – Б. 26-57.
5. Жұмаділов Қ. «Таңғажайып дүние» ғұмырнамалық роман. – Алматы: Тамыр, 1999. – 624 б.
6. Нұршайықов Ә. Автопортрет. – Алматы: Жалын, 1977. – 200 б.
7. Ергөбек Қ. Баянғұмыр. – Алматы: Жазушы, 1991. – 232 б.
8. Нұршайықов Ә. Мен және менің замандастарым. – Алматы: Таңдамалы шығармалар жинағы 10 томдық. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 8 т. – 472 б.
9. Абай. Қара сөздер. – Алматы: Өнер, 2006. – 124 б.